

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Байлық пен ақыл (ертегі)

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.05.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/14817/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Утесинова Айгүл**Әдебиеттік оқу****Сыныбы: 2 «А»****Жалпы мақсаты:**

Оқушылар байлық туралы ұғымдарын қалыптастырады.

Ауызекі сөйлеу тілдерін дамытады .

Сілтеме:

Электрондық оқулық, әдебиеттік оқу оқулығы,

Әдебиеттік оқу пәнінің әдістемесі

С.Мирсейітова Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері

Оқу нәтижесі:

Байлықтың ақыл мен еңбек арқылы келетіндігіне көздерін жеткізеді.

Ертегінің түрлерін ажырата біледі.Топпен жұмыс істеуге қалыптасады.

Негізгі идеялар:

Ертегі,шал, төрт ұлы, байлық, ақыл, асыл тас, сәнді киім, қол, жүрек.

Қолданылатын материалдар:

АКТ

Постер, фломастерлер

Оқыту формасы, технологиясы, әдістері:

Топпен жұмыс , жеке жұмыс. (АВС тобының оқушыларын ерекше бақылау)

Блум таксономиясы.

Сабақ кезеңдері

Мұғалімнің іс-әрекеті

Оқушының іс-әрекеті

Психологиялық

дайындық

АКТ. Көңілді әуенді қосып, оқушылармен бірге би жаттығуларын жасау.

Оқушыларды топқа бөлу

Музыка ырғағымен би жаттығуларын жасайды.

1-5 санау арқылы 4 топқа бөлінеді

I. Білу

- Сабақтың мақсатын айқындау

Байлық тақырыбына постер қорғауға бағыт-бағдар беру

Өздеріне мақсат қоя білуге үйренеді.

Әр топ өз постерін қорғауға дайындалады.

Әр топтан бір оқушы тақырыптарын қорғап, байлық туралы білімдерін ортаға салады.

II.Түсіну

Әр топқа ертегіні түсініп оқуын тапсыру.

Ертегі бойынша сұрақтар қойып, түсініктерін анықтау.(АВС оқушыларының мүмкіндігін ескеру)

-Ертегі қалай аталады?

-Шал ұлдарына не деді?

-Үлкен ұлы байлығын қалай көрсетті?

-Екінші ұлы қалай көрсетті?

-Үшінші ұлы ше?

Әр топ ертегіні өз беттерінше оқып, мағынасын ашады.

Оқушылар сұраққа толық жауап береді.

Топ мүшелері жауаптарды өзара бағалап отырады.

III. Қолдану

Шалға кімнің жауабы ұнады? Неге?

Сендерге кімнің жауабы ұнады? Неліктен?

Сергіту сәтін ұйымдастыру.

Оқушылар өз пікірлерін айтады.

«Отшашу» сергіту жаттығуын жасайды.

IV. Талдау

Оқушыларды (жасырын екі тақырыпты

таңдау тәсілімен) екі топқа бөлу

Әңгіме- дебат ұйымдастыру

I топ: Ақылды болсаң бай боласың.

II топ: Бай болсаң, ақылдың қажеті жоқ

Өз тақырыптары бойынша ойларын дәлелдейді.

V. Жинақтау

Сонымен, Байлық пен ақыл ертегісі ертегінің қай түріне жатады екен? Неліктен?
(Оқушылардың жауабын күту)

Интерактивті тақтадағы семантикалық картаны толтырады және өз ойларын дәлелдейді.

ҮІ.Бағалау

Адал еңбек етіп, көп ақша жинадың делік.Ол ақшаңды қайда жұмсар едің?

Егер мен бай болсам ..тақырыбына эссе

жазуды ұсыну.

Оқушылар өз беттерінше эссе жазады.

1. Үйге тапсырмасын беру

Байлық пен ақыл ертегісін қайталап оқу,

Ертегі желісіне сурет салу; байлық, ақыл туралы өлең, мақал-мәтел жинау.

Ұр, тоқпақ ертегісін оқып келу

Оқушылар күнделіктеріне жазады.

VII. Кері байланыс

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

Смайликпен көрсет.(өте қызық, түсінбедім, ұнамады)

Оқушылардың іс-әрекеттерін бағалау парағына жазылған критерийлер бойынша бағалау

Сабақтағы көңіл-күйлерін смайликтермен көрсету.

Оқушы үні ABC тобын

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.